

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Ақтоғай аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2009 ж. «01» 12 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 091 240 002 011

№ _____

Бастапқы тіркелген күні 20 ____ ж. « ____ » _____

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Ақтоғай аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНПЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 091 240 002 011

№ 002203061838

Бастапқы тіркелген күні 20 ____ ж. « ____ » _____

Павлодар облысының қаржы басқармасының

2021 жылғы «23» желтоқсан

№ 276/5
бұйрығымен бекітілді

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Ақ бота» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Ақ бота» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанында мемлекеттік кәсіпорын жедел басқару мәртебесінде заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2009 жылғы қарашадағы №187 «Ақтоғай ауданы әкімдігінің, Ақтоғай ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақ бота» балалар бақшасы мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 276/5 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жергілікті атқарушы орган- Павлодар облысының әкімдігі жүзеге асырады..

5. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы Павлодар облысының білім беру басқармасының Ақтоғай ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады (әрі қарай – Мемлекеттік басқару органы).

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің «Ақ бота» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорынның орыс тіліндегі толық атауы: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли сад «Ақ бота» отдела образования Актогайского района, управления образования Павлодарской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 140200, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, М.Горький көшесі 56.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, бланктері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы жазылған мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше жағдайда белгіленбеген болса.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты

12. Кәсіпорын қызметінің мәні – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын алдына қойған мақсаттарын іске асыру үшін төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықтарын жақсарту бірлігі принципін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету, отбасымен өзара ықпалдасу;

5) ата-аналарға балалардың тәрбиесі, оқуы, дамуы және денсаулығын сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыра алмайды, сондай-ақ, мәмілелер жасай алмайды.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың басқару органы немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылған жергілікті органның, облыстық коммуналдық мүлікке йелік етуге уәкілетті, жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру

17. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту Үлгілік бағдарламасын жүзеге асырады.

5. Тәрбиеленушілерді білім беру ұйымына қабылдау, шығару тәртібі, негізі

18. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынға қабылдау мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін анықтайтын нормативті құқықтық актілермен, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Тәрбиеленушілердің орны мына жағдайларда сақталады:

1) бала ауырып, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда);

2) баланың ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне жылына екі ай мерзіміне дейін еңбек демалысы берілген (жазбаша өтінішті ұсынған кезде) жағдайларда;

3) елді мекендерде төтенше жағдайлар кіргізілген кезеңде (әлеуметтік төтенше жағдайлар, табиғи, техногенді сипатта).

20. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оқыту мен тәрбиелеу тілі (тілдері) тәрбиеленушілермен сабақ өткізу тәртібі)

21. Білім беру процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады

22. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесі Стандарт негізінде әзірленген Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады

23. Мектепке дейінгі ұйым педагогтары кәсіби іс-әрекеттерін жүзеге асыру барысында тәрбие-оқу процесін ұйымдастыру әдістері мен түрлерін МЖМБС талаптары сақталған жағдайда дербес таңдай алады.

24. Кәсіпорын білім беру процесін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде мемлекеттік тілде жүргізеді.

25. Тәрбиеленушілердің күн тәртібі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға, оқу жоспарына және денсаулық сақтау мен білім беру ұйымдарының ұсыныстарына сәйкес бекітіледі.

26. Балалардың дамуын бағалау жүйесі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мектепке дейінгі ұйым педагогтары жыл сайын медициналық тексерістен өтеді.

7. Ақылы қызметтерді ұсыну тәртібі

28. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгілеген тәртіппен жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған балалар үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді.

29. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

8. Тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және басқа да заңды өкілдермен қарым-қатынасты рәсімдеу тәртібі

30. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

31. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

32. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт шеңберінде 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейін мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытудың, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне, дамуындағы ауытқушылықтарды түзетуге және әлеуметтік

бейімделуіне, медициналық қадағалауға, инклюзивті білім алуға сондай-ақ қамқорлыққа және денсаулықты жақсартуға, сапалы білім алуға құқылы

33. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен заңды өкілдері құқылы:

- 1) қамқорлық кеңесі мен ата-аналар комитеті арқылы Кәсіпорынның басқару органының жұмысына қатысуға;
- 2) Кәсіпорыннан балалардың тәрбиесі мен оқуына қатысты мәліметтер алуға;
- 3) балалардың оқуы мен тәрбиесінің келелі мәселелері бойынша консультативтік көмек алуға;
- 4) келісімшарт негізінде балаларына қосымша ақылы білім беру қызметін алуға;

34. Ата-аналар мен заңды өкілдер міндетті:

- 1) балаларының денсаулығын қорғауға;
- 2) балаларына тәрбие беруге;
- 3) балалардың физикалық, психикалық, өнегелілік, рухани дамуына оңтайлы жағдайлар жасауға;
- 4) баланы міндетті мектепалды даярлығымен қамтамасыз етуге;
- 5) Келісімшарттың тараптарын орындауға.

9. Кәсіпорынды басқару

35. Жергілікті атқарушы орган

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді немесе оған атқарушы органды өкілетті етеді. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өкіл облыстық коммуналдық мүлікке өкім етеді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорындарға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды орындайды:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітуге ұсынады, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық етеді;

3) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және қажетті жұмыс (қызмет) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарын және олардың орындалуы туралы есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылайды және талдайды;

6) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

8) жыл сайын Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін белгілейді;

9) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

37. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады

38. Басқару органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

39. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу қолданыстағы заңнамада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықпен күресті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

41. Кәсіпорынның басшысы бір адамдық басқару принциптері бойынша басшылық етеді және егер Заңда және кәсіпорынның Жарғысында басқасы қарастырылмаса, кәсіпорынның әрекетіне қатысты барлық сұрақтарды Заң мен осы Жарғымен анықталған оның құзыреттілігіне сәйкес дербес шешім қабылдайды.

42. Мемлекеттік кәсіпорынды дамыту жоспарын іске асыруда нәтижелі және тиімділігі үшін жауапкершілікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның басшысы көтереді.

43. Басшы:

1) Кәсіпорын атынан іс-қимыл жасайды, барлық мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда оның атынан сөйлейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорын мүлкіне билік етуге;

3) келісімшарттар және басқа мәмілелер жасайды;

4) сенімхат береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және бағыт береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда басқасы қарастырылмаған жағдайда, Кәсіпорын қызметкерлерімен еңбек шартын жасасып және еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады.

Басшының ұсынысы бойынша басқару органы тағайындайтын немесе қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда белгіленеді.

8) Басқарушы органға орынбасарлартағайындауға және босатуға кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа басқарушыларының құзыретін бекітеді;

10) қаржылық-шаруашылық қызметіне және кәсіпорын мүлкінің қауіпсіздігіне жауапты болып табылады

11) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Басқарушы органының келісімі бойынша бас бухгалтерді тағайындайды және жұмыстан босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкрот немесе оңалту басқарушысын тағайындаған жағдайда оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкрот немесе оңалту басқарушысына беріледі.

45. Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

46. Кәсіпорын мен басқару органы арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

47. Кәсіпорынды басқару бір адамдық басқару және ұжымдық басқару принциптеріне негізделеді. Ұжымдық басқару формалары- педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық кеңестер болып табылады.

10. Кәсіпорынның мүлкі

48. Кәсіпорынның мүлкі Кәсіпорынның активтерінен тұрады және оның құны теңгерімінде көрсетіледі.

49. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және ол қорларға таратылмайды (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар), оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

50. Кәсіпорынның меншігі төмендегілер арқылы құрылады:

1) меншік иесінен берілген -мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тиым салынбаған өзге қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылған.

51. Кәсіпорын өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлікті ғана басқара алады.

52. Сатып алу және тоқтатуды жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген меншіктік құқығы және басқа мүліктік құқығын алу және тоқтату шарттары мен тәртіптеріне сай жүзеге асырылады егер басқасы Жарғыда қарастырылмаса немесе осы мүліктік құқықтың сипатына қайшы келмесе.

53. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

55. Кәсіпорын сатып алу-сату келісім шарт негізінде мүлікті сату, айырбастау, сыйға тарту иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

56. Кәсіпорын мүлкін жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабындағы мүліктік құқықты тоқтату тәртібі бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 57, 58-тармақтарында қарастырылған тәртіптер бойынша тоқтатылады.

57. Қазақстан Республикасының заңдарында басқасы қарастырылмаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган мемлекеттік кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға немесе оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

58. Жедел басқару құқығының қарамағындағы мүлікке тыйым салу туралы шешімде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік кәсіпорынға мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін сақтау және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқылы.

59. Кәсіпорын Басқарманың ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) өзіне тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешектеріне ие болуға;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік немесе кепілдеме беруге;
- 4) заемдар беруге.

60. Кәсіпорын жедел басқару негізінде өзіне бекітілген, негізгі құралдарға байланысты мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе басқа тәсілмен билік етуге, осы Жарғының 55-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті аударуға және есептен шығаруға құқылы.

61. Кәсіпорын өзіне жедел басқару құқығы негізінде бекітілген, негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке өз бетінше иелік жасай алады..

11.Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

62. Кәсіпорын қызметіөз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

63. Кәсіпорын корпоративті табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру мерзімі аяқталғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің таза кірісінің бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүзеге асырады

64. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

65. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын жергілікті атқарушы орган белгілейді.

66. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады

Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

12.Кәсіпорынның жарғылық капиталы

67. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы жедел басқару құқығында меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

13.Кәсіпорынның есепке алу және есеп берушілігі

68. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барқару Органының келісімі бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

14. Кәсіпорынның жауапкершілігі

70. Жедел басқару құқығында Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорынның мүлкінің қалған бөлігінен өндіріп алуға жол берілмейді.

71. Жедел басқару құқығында Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жетпеген жағдайда оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы немесе тиісті бюджет қаражаттарымен әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен мойнына алады.

15. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

72. Кәсіпорын еңбекақы қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың басқару Органы белгілейді.

73. Жедел басқару құқығында Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың азаматтық қызметшілеріне, қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қаулысымен белгіленеді.

16. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

74. Кәсіпорын әкімшілігі және еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық келісімшартқа сәйкес анықталады.

75. Кәсіпорынның жұмыс режімі ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы нормаларына қайшы келмеуге тиісті. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі: сағат 8.00 ден сағат 18.30 ға дейін, екі күн демалыспен.

17. Кәсіпорынды қайта құру және тарату

76. Кәсіпорынды қайта құру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

77. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта құру және таратуды басқарушы орган жүзеге асырады.

78. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

79. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

18. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

80. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы органдар енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі

Басшы

К.М.Маканалиева